

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрлігі  
Медициналық және  
фармацевтикалық қызметті  
бақылау комитеті Төрағасының  
20\_жылғы “\_\_\_\_\_” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық  
Отризол-DF<sup>®</sup>**

**Саудалық атауы**  
Отризол-DF<sup>®</sup>

**Халықаралық патенттелмеген атауы**  
Ксилометазолин

**Дәрілік түрі**  
Мұрынға арналған спрей, 0,05%, 0,1% 10 мл, 15 мл

**Құрамы**  
1 мл препараттың құрамында  
*белсенді зат* - ксилометазолин гидрохлориді 0,5 мг немесе 1 мг,  
*қосымша заттар*: динатрий гидрофосфаты додекагидраты, натрий  
дигидрофосфаты дигидраты, натрий хлориді, динатрий эдетаты,  
бензалконий хлориді (10 % ерітінді түрінде), тазартылған су.

**Сипаттамасы**  
Мөлдір түссіз немесе аздап сарғыш сұйықтық

**Фармакотерапиялық тобы**  
Мұрын препараттары. Антикongестанттар және жергілікті қолдануға  
арналған басқа да мұрын препараттары. Симпатомиметиктер.  
Ксилометазолин  
АТХ коды R01AA07

**Фармакологиялық қасиеттері**  
**Фармакокинетикасы**  
Ұсынылған дозада жергілікті қолданған кезде препарат іс жүзінде сіңбейді,  
плазмадағы концентрациясы өте аз болғандықтан, оны қазіргі заманғы  
талдамалы әдістермен анықтау мүмкін емес.

### **Фармакодинамикасы**

Имидазолин туындысы тобының альфа-адреномиметигі. Төмен концентрацияларда  $\alpha_2$ -адренорецепторларға әсер етеді, жоғары концентрацияда  $\alpha_1$ -адренорецепторларға әсер етеді. Жергілікті қолданған кезде мұрынның шырышы қабығы қан тамырларының тарылуын туғызады, веналық синустарда қан ағысты азайтады, осылайша мұрынның шырышты қабығының ісінуін және гиперемиясын баса отырып, сөл бөлу мөлшерін азайтады, мұрын жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіреді, мұрынның тыныс алуын жеңілдетеді.

Емдік концентрацияда шырышты тітіркендірмейді, гиперемияны туғызбайды. Әсер етуі 5 - 10 минуттан соң байқалады, және 6-8 сағат бойы сақталады, қантамырлардың түйілуі 8-12 сағатқа дейін сақталады.

### **Қолданылуы**

- риниттің (мұрын бітелуі) пайда болуымен жедел респираторлық ауруларда
- вазомоторлық ринитте
- жедел аллергиялық ринитте (пішен қызбасында, поллинозда)
- синуситте
- ортаңғы отитте (біріктірілген ем құрамында — мұрынжұтқыншақ шырышының ісінуін азайту үшін)
- пациенттерді мұрын жолдарындағы диагностикалық емшараға дайындауда

### **Қолдану тәсілі және дозалары**

Мұрын ішіне.

Дұрыс бүрку үшін қорғаныш қалпақшасын алып, ерітінді бүріккішке түсуі және шашырауы үшін бүріккіш қақпағын абайлап 1 – 2 рет басу керек. Содан соң құтының қондырмасын мұрын жолына орналастырып, бүріккішті бір рет жылдам және шұғыл басып қалып, бүріккішті босатпай ұстай отырып, қондырғыны шығарып алу керек.

*0,05% спрей ересектер мен 2-ден 6 жасқа дейінгі балаларға:* әр мұрын жолына 1 бүркуден күніне 1-2 рет.

*0,1% спрей ересектер мен 6 жастан асқан балаларға:* әр мұрын жолына 1-2 бүркуден күніне 1-2 рет.

Күніне 3 реттен арттық қолдануға болмайды.

Емдеу курсы 5 – 7 күннен көп емес.

### **Жағымсыз әсерлері**

*жиі:*

- жиі немесе ұзақ қолданған кезде мұрын шырышты қабығының тітіркенуі немесе құрғауы, мұрын шырышының артрофиясы, шымылдап ашыту, түшкіру, тәуелділік, гиперсекреция, созылмалы ринит болуы мүмкін

*жиі емес:*

- жүрек қағуы, жүрек ырғағының бұзылуы, артериялық қысымның жоғарылауы
- жүрек айнуы, құсу
- аллергиялық реакция (Квинке ісінуі, есекжем, қышыну)
- депрессия (жоғары дозада ұзақ уақыт қолданғанда)
- көрудің бұзылуы

*өте сирек:*

- қозу
- бас ауыруы
- шаршағыштық, ұйқышылдық, мәңгіру
- ұйқысыздық
- елестеулер және құрысулар (әсіресе балаларда)

### **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- атрофиялық ринит
- жабық бұрышты глаукома
- ми қыртыстарына хирургиялық араласулар (анамнезде)
- гипертиреоз
- қант диабеті
- айқын атеросклероз
- артериялық гипертония
- тахикардия
- көздің ауыр аурулары
- феохромацитома
- порфирия
- қуық асты безі гиперплазиясы
- моноаминооксидаза тежегіштерін бір мезгілде қабылдау және оларды қолдануды аяқтағаннан кейін 14 күнге дейінгі кезең
- 2 жасқа дейінгі балалар (0,05% Отризол-DF® үшін)
- 6 жасқа дейінгі балалар (0,1% Отризол-DF® үшін)

### **Дәрілермен өзара әрекеттесуі**

Моноаминооксидаза (МАО) тежегіштерімен және оны тоқтатқаннан кейін 14 күн бойы, сондай-ақ үшциклді антидепрессанттармен бірге қолданғанда артериялық қысымды жоғарылатуы мүмкін.

### **Айрықша нұсқаулар**

Өз еркіңізбен ұсынылған дозадан арттыруға және препаратты 5 – 7 күннен артық қолдануға болмайды.

Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) кезінде абайлап қолдану керек.

*Балаларға*

Балаларға тек дәрігердің ұсынысымен ғана қолданылады.

*Жүктілік және лактация кезеңі*

Қолдану тәжірибесінің жеткіліксіздігіне байланысты ұсынылмайды. Жүктілік және лактация кезеңінде препарат, анасы үшін болжанатын пайда бала мен ұрық үшін потенциалді қауіптен асып түскен жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

*Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Препарат ұсынылған дозада көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

### **Артық дозалануы**

*Симптомдары:* үрейлену сезімі, қозу, елестеулер және құрысулар; гипотермия, летаргия, ұйқышылдық, кома; миоз, мидриаз, қатты тершеңдік, қызба, тері жабындысының бозаруы, цианоз, жүрек айнуы және құсу, тахикардия, брадикардия, жүрек аритмиясы, жүректің тоқтап қалуы, пальпитация, гипертензия, шокқа ұқсас гипотония, өкпенің ісінуі, тыныстың тарылуы және апноэ, психикалық бұзылулар. Балаларда артық дозаланудан кейін негізінен ОЖЖ тарапынан, құрысуды қоса, кома, брадикардия, апноэ және гипертензия симптомдары дамиды, ол гипотонияға ауысуы мүмкін.

Уыттанудың клиникалық көрінісі жасырын болуы мүмкін, өйткені ОЖЖ стимуляциялану фазасы ОЖЖ бәсеңдету фазасымен кезектесіп ауысады.

*Емі:* күттірместен белсендірілген көмір (абсорбент), натрий сульфаты (іш жүргізетін дәрі) немесе асқазанды шаю тағайындалады. Артериялық қысым төмендеген кезде селективті емес альфа-блокаторлар тағайындалады. Вазопрессорлар қолдануға болмайды. Қажет болғанда ыстық түсіретін, құрысуға қарсы ем және өкпені жасанды желдету жүргізіледі.

### **Шығарылу түрі және қаптамасы**

По 10 мл препараттан бүріккіш қақпағы мен қорғаныш қалпақшасы бар полипропилен құтыда.

10 мл, 15 мл препараттан помпалық дозалаушы қондырғысы бар пластик қоңыр құтыда, түтігі батып тұратын алюминий келтелеу қақпағы және қорғаныш қалпақшасымен бүріккіш ұштығы бар пластик қоңыр құтыда.

Әрбір құтыға заттаңба жапсырылады. Бір құтыдан мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

### **Сақтау шарттары**

Жарықтан қорғалған жерде, 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

**Сақтау мерзімі**

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

**Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецептсіз

**Өндіруші**

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ., Чаплыгин к-сі 3. тел.:  
(727) 253-03-88

**Тіркеу куәлігінің иесі**

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ., Чаплыгин к-сі 3.

***Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар)  
сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын, дәрілік заттың  
тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның  
мекенжайы***

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ., Чаплыгин к-сі 3.  
тел./факс: (727) 253-07-07, 253-03-88, эл. поштасы: [dosfarm@dosfarm.kz](mailto:dosfarm@dosfarm.kz)